



ҚАУЛЫ

09.03.2021 ж.

Ақтау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 4

город Актау

Маңғыстау облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Маңғыстау облысының аумағында коронавирус инфекциясының алдын алу туралы» 2021 жылғы 06 наурыздағы №3 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 104-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 05 наурыздағы №10 қаулысына сәйкес және Маңғыстау облысы тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның тіркелуінің төмендеуін ескере отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1.«Маңғыстау облысының аумағында коронавирус инфекциясының алдын алу туралы» Маңғыстау облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 06 наурыздағы №3 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1) 2-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) 2020-2021 оқу жылының үшінші тоқсанында мынаған:

– оқушылар саны 300-ге дейін контингенті бар, сыныптарда 15-тен көп емес бала санымен қалалық және ауылдық мектептерде дәстүрлі форматта оқытуға;

– 2021 жылғы 09 наурыздан бастап жалпы білім беретін мектептерде мектеп алды сыныптардың, 1 сыныптан 5 сыныпқа дейін қоса алғанда, халықаралық мектептерде 1 сыныптан 7 сыныпқа дейін қоса алғанда, сыныптарда 25-ке дейін бала санымен оқушыларды аралас форматта оқытуға;

– оқу бітіретін сыныптар (9, 11 (12) сыныптар) үшін аптаның 6 күні ішінде аралас форматта оқытуға: пәндердің 70%-ы штаттық режимде, 30%-ы қашықтықтан оқытуға (сыныпта 15 адамнан артық емес, «1 сынып - 1 кабинет» қағидаты бойынша оқыту, санитариялық-дезинфекциялық және маска режимдерін сақтау);

– білім беру мекемесі әкімшілігінің шешімі бойынша сабақтан тыс уақытта 15 адамнан аспайтын топтарда оқушыларды жеке оқытуға рұқсат беруді;»

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.



Мангыстау облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері

Г.Надурев